

күйлерінің өзгеруіне байланысты негізгі кезеңдерді ашып көрсеткен. Мақалада сотталғанның тәрбиесі тұлғаны тәрбиелейтін және қайта тәрбиелейтін жағдайлар анықталды. Инновациялық, технологиялық және интеграциялық процестің қарқынды дамуы жағдайында сотталғандарды түзеудегі ерекше спецификалық, негізгі функциялары және психологтар мен түзеу қызметкерлерінің кәсіби қызметі әрі қарай ғылыми зерттеулер мен сауатты саралауды талап етеді.

Түйін сөздер: сотталғандарды түзеу; қайта әлеуметтену; түзету психологиясы; түзету ұпайы; пенитенциарлық мекемелер.

Psychological and legal approaches in the correction and resocialization of convicts

A.K. Soltanova¹, S.M. Imanbaev¹

Turan University (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Abstract

The article reveals the basic principles and objectives of the correction and resocialization of convicts, as well as the types of methodology used by psychologists and correctional workers. The author also identified the reasons why convicts return to a criminal lifestyle. The author analyzes the features of the correction of convicts in the Republic of Kazakhstan, the peculiarities of the psychology of convicts and the concept of the activities of employees of the correctional institution in diagnosing personal defects of convicts, developing a reasonable program for their correction, preventing those negative «influences of institutions of the correctional system» that contribute to the criminalization of the individual. Also, the author, having studied the changes in the psychology of convicts, identified the main periods associated with changes in the mental states of convicts. The article determined the conditions due to which the education of the convict educates and re-educates the personality. In the conditions of intensive development of the innovative, technological and integration process, the special specificity, the main functions of the correction of convicts and the professional activities of psychologists and correctional workers require further scientific research and competent differentiation.

Keywords: correction of convicts; resocialization; correctional psychology; evaluation of correction; penitentiary institutions.

Поступила в редакцию: 21.02.2022

МРНТИ 14.77.03

<https://doi.org/10.51889/2022-2.2077-6861.22>

В. БАЛДЖЫ¹, Б. ЕРМАХАНОВ^{2}, А. КОСШЫГУЛОВА³*

¹Анкара университеті (Анкара, Түркия),

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Түркістан, Қазақстан),

³Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан),

vbalci2@gmail.com, baglan0989@gmail.com, alenti85@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН МЕН ТҮРКИЯДАҒЫ ЖОО СТУДЕНТТЕРІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІ БАРЫСЫНДАҒЫ БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТҚА ҚАТЫСУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада бұқаралық спорттың маңызы, Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасындағы бұқаралық спортты қолдау жұмыстары мен Түркия Республикасы Бұқаралық спорт федерациясының мақсаты және жоғары оқу орны студенттерінің бұқаралық спорт шараларына қатысу көрсеткіштері жайында баяндалды. Ғылыми зерттеу жұмысына Анкара қаласының Қажы Байрам Вели мен Анкара университетінен 230 студент және Алматы қаласының Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қазақ ұлттық аграрлық университетінен 230 студент қатысты. Аталмыш мақалаға жалпы саны 460 білім алушы қатыстырылды. Ғылыми мақалада зерттеу жұмысына қатысушы студенттердің сауална-

мадан алынған нәтижелері берілген. Жиналған мәліметтер SPSS бағдарламасында талданып, кестелер түрінде енгізіліп, талдау жасалынды.

Түйін сөздер: бұқаралық спорт; дене шынықтыру және спорт; салауатты өмір салты; Бұқаралық спорт федерациясы.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың “Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарында” Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен 2020 жылғы 23 сәуірдегі № 242 ұсыныстары дене шынықтырумен және бұқаралық спортпен айналысатын азаматтардың санын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. “Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарын” іске асыру нәтижесінде саланы дамытудың мынадай нәтижелеріне қол жеткізіледі деп болжануда [1]:

– халықты дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысуға тартудың орташа деңгейі ұлғайтылатын болады;

– балалар, жасөспірімдер және жастар үшін әртүрлі спорт түрлері бойынша спорт секциялары мен клубтарының желісі кеңейтіледі;

– елдің спорттық өміріне халықтың тартылуын бағалауды қоса алғанда, саланы дамытудың жүйелі мониторингі қамтамасыз етіледі.

Қазіргі заманғы қоғамда адам баласында кездесетін ең қауіпті аурулардың негізгі себептерінің бірі қимыл мен қозғалыстың аздығы екендігі белгілі. Бұл әрекетсіздік ең алдымен адам бұлшықетінің әлсіреуіне, буын қозғалысың төмендеуіне, бел мен омыртқа сүйектеріндегі түрлі аурулардың жасаруына әкеліп соғуда. Тіпті бұл процес жастар арасында да кеңінен қанат жайған мәселелердің бірегейіне айналып отыр.

Спорт – бұл қазіргі қоғамдағы аса маңызға ие әлеуметтік іс-әрекеттің бір түрі. Спорттық іс-шаралар қазіргі заманғы адамның, қатысушының да, көрерменнің де маңызды мүдделерінің бірі болып табылады [2].

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан-2050»: Стратегиясы қалыптасқан

мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Дене шынықтыру мен спорт мемлекеттің айрықша назарында болуы тиіс. Нақ сол саламатты өмір салты ұлт денсаулығының кілті болып саналады. Алайда елде барлығы үшін қолжетімді спорт нысандары, спорт құрал-жабдықтары жетіспейді. Осыған байланысты Үкімет және жергілікті органдар дене шынықтыруды, бұқаралық спортты дамыту және типтік жобадағы дене шынықтыру-сауықтыру нысандары, соның ішінде, аула нысандары құрылысы бойынша шаралар қабылдау қажет», – деп айтқан болатын [3].

Бұқара халықтың бос уақытын тиімді пайдалануына оң әсер беретін рекреациялық шаралар – бұл бос уақытқа өз еркімен қатысатын және жеке қанағаттануды қамтамасыз ететін іс-шаралар, екінші жағынан, жалпы қызығушылық пен салауатты өмір салтын ұстану негізіндегі әлеуметтік органы қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің деректері бойынша елімізде 127703 спорт секциясы жұмыс істеген, оның ішінде 62733-і ауылдық жерлерде. Дене шынықтыру мен бұқаралық спортты қаржыландыру бүгінде шұғылданушылар санын айтарлықтай көбейту үшін жеткіліксіз [4]. Бұқаралық спортқа қатысты әзірленген жоспарды орындау мүмкіндіктерін нақты бағалау үшін Алматы облысының дене шынықтыру және бұқаралық спортты дамыту бойынша да жұмыстарға талдау жүргізілуде [5].

2019 жылы Қазақстанда дене шынықтырумен және бұқаралық спортпен 5,7 млн. адам айналысты, бұл 30,6%-ды құрады, ал 2020 жылы олардың саны 5,9 млн-ға дейін өсті, бұл халықтың 31,6%-ын құрады.

Елімізде қазіргі таңда бұқаралық спорт саласында түрлі заң бұзушылықтар мен әділетсіздіктер де орын алуда. Бұл жөнінде бокстан WBF International белбеуінің

иегері Айда Сатыбалдинова Қазақстан Республикасының Президентіне үндеу жасады. Оның БАҚ-қа берген сұхбатында: «Еліміздің барлық өңірінде және қаласында спорттың барлық түрлері бойынша міндетті тексерулер жүргізу қажет», – деген пікір білдірген болатын [6].

Біз өмір сүріп жатқан осы дәуірде урбанизация тез дамып келеді. Адамдар қимыл-қозғалысы азайып, бұрмаланған құрылыстан туындаған әлеуметтік-экономикалық және мәдени проблемалар және психологиялық шиеленісті тудыратын факторлар (шу, қарқынды қозғалыс және т.б.) адамдардың денсаулығына байланысты мәселелердің түрін өзгертті. Осылайша, технологиялық мүмкіндіктерді пайдалану және көлік құралдарының, байланыс құралдарының таралуы, үйлер мен кеңселерде автоматты құрылғыларды, жабдықтарды қолдану мен тәуелділік артуда. Бұл жағдайлар адамдардың қимылы мен қозғалысының азаюына әсер етуде. Жастар мен орта жастағы адамдардан басқа егде жастағы адамдар арасында бұқаралық спортты дамытуды назардан тыс қалдырмағанымыз жөн. Егде жастағы адамдарға арналған төменде көрсетілген бұқаралық спорттық жатытқуларға тоқталып өтейік:

1. *Аэробты жаттығулар.* Жаттығудың қарқындылығы адамның жүрек соғу жиілігінің 50%-ынан аспайды және екі апта сайын 5%-ға артады, алайда 70% деңгейі ешқашан аспауы керек. Егде жастағы адамның жаттығуларға төзімділігін жай сөйлеу сынағы арқылы түсінуге болады: егер жаттығу кезінде сөйлеу қиын болса, онда қарқындылық тым жоғары. Шаршау, бұлшықеттер мен буындардың кернеуі, стресс факторларының пайда болуы жағдайында жаттығуларды тоқтату қажет [7].

2. *Жаяу жүру.* Егде жастағы адамдардың дене бітімін жақсартудың ең қарапайым, арзан және қауіпсіз спорт түрі-жаяу жүру. Мұны аптасына кемінде үш күн және әр серуенде 20-40 минут жасау керек. Басталуы аптасына екі рет 10 минуттан бастала-


ды, ұзақтығы мен жиілігі апта сайынғы өсу түрінде артады [8].

Қазіргі таңда әлемнің барлық елдері, әсіресе Еуропадағы Франция, Германия, Чехия, Швеция, Польша сынды елдерде халықтың бұқаралық спорт шараларына қатысу көрсеткіштерінен алдыға қатардағы елдер санатында орын алады. Әлемнің дамыған Жапония, Оңтүстік Корея, Англия секілді елдерінде де бұқаралық спортқа жоғары дәрежеде көңіл бөлініп отыр [9].

Түркия халқының бұқаралық спорт шараларына қатысу көрсеткіші едәуір жоғары. Бұқара халықтың көпшілік орындарда спорттық жаттығулармен шұғылданып, бос уақытын тиімді пайдалануларына ел үкіметі тарапынан жоғары дәрежеде көңіл бөлінеді. Түркиядағы бұқаралық спорт шараларын ұйымдастырып, халық арасында насихаттайтын арнайы Бұқаралық спорт федерациясы жұмыс жасайды.

Түркия Республикасының Бұқаралық спорт федерациясы 1990 жылдың 12 маусымында құрылды. Мақсаты: 3 пен 93 жас аралығындағы халықтың физикалық мүмкіндігі, жынысы, әлеуметтік деңгейлері мен ұлттық ерекшеліктеріне құрмет көрсете отырып, бұқаралық спортпен айналысуына жағдай жасау; Халықтың экономикалық жағдайларын ескере отырып, қажет болса мемлекеттік мекемелермен, жеке кәсіпкерлермен келіссөздер жасай отырып, олардың бұқаралық спортпен айналысуын қамтамасыз ету; Халықаралық және ұлттық деңгейде бұқаралық спорттық шаралар, жарыстар, конгрестер, семинарлар, кездесулер, курстар, симпозиумдар мен фестивальдар ұйымдастыру т.б. [10].

Түркиядағы бұқаралық спортты қолдау бастамалары 1923 жылы Түркия Республикасының негізін қалаушы Мустафа Кемаль Ататүріктің бастамасымен жүзеге асырылды. Ататүрік халық денсаулығына спорттың ерекше ықпал ететіндігін ескере отырып, мемлекет тарапынан қолдау жасалынуын тілге тиек еткен болатын ([1-сурет] 11).



Сурет 1. Түркиядағы бұқаралық спорт шараларының орындалуына жауапты негізгі құрылымдар

Зерттеу әдістері және әдіснамалары. Біз, бұл бөлімде зерттеу жұмысына қандай әдіс қолданғанымызды және зерттеуші тарапынан дайындалған «Бұқаралық спорт» сауалнамасы жайында баяндайтын боламыз.

Бұл зерттеу скринингтік модельге сәйкес жасалды. Скринингтік модель жоғары оқу орны студенттерінің бұқаралық спорт тұжырымдамасы туралы көзқарастарын және олардың өмір сүру деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін әдістің бірі.

Скринингтік модельдер – бұл өткен шақтағы және қазіргі кездегі жағдайды

бейнелеуге бағытталған зерттеу тәсілдері. Зерттеуге негіз болған тақырып зерттеуші тарапынан болған жағдайды сол күйінде анықтауға тырысады. Оларды қандай да бір жолмен өзгертуге, нәтижесіне әсер етуге күш салынбайды (1-кесте) [12].

Ғылыми зерттеуде қолданылған Бұқаралық спорт сауалнамасын әзірлеу барысында Бүйүкөзтүрк тұжырымдамасына сәйкес, «мәселені сәйкестендіру, бөлім (сұрақ) жазу, сараптамалық пікір алу және алдын-ала бақылау тобына жүргізу» сынды кезеңдерден өтілді.

Кесте 1

Ғылыми зерттеу жұмысына қатысушыларға қатысты мағлұмат

№	Мемлекеті	Қаласы	Оқу орны	Саны
1	Қазақстан	Алматы	Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	230
2	Қазақстан	Алматы	Қазақ ұлттық аграрлық университеті	
3	Түркия	Анкара	Қажы Байрам Вели университеті	230
4	Түркия	Анкара	Анкара университеті	
5	Жалпы қатысушы саны: 460			

Ғылыми зерттеуде қолданылған Бұқаралық спорт сауалнамасын әзірлеу барысында Бүйүкөзтүрк тұжырымдамасына сәйкес, «мәселені сәйкестендіру, бөлім (сұрақ) жазу, сараптамалық пікір алу және алдын-ала бақылау тобына жүргізу» сын-

ды кезеңдерден өтілді. Алдымен бұқаралық спорт ұғымына қатысты мағлұматтар қарастырылып, сауалнама сұрақтары жазылды. Содан кейін жазылған сұрақтар мамандыққа қатысты мамандар мен тіл мамандарына жіберілді. Сарапшылардың

өтініштерімен сауалнаманың соңғы нұсқасы бойынша алдын ала тәжірибе жүргізілді. Осыдан кейін сауалдардың сенімділігі мен қолданушылық анализдері жасалынды.

Қолданушылық анализі. Бұқаралық спорт ұғымына қатысты мағлұматтар қарастырылғаннан кейін зерттеуші мен сарапшылардың пікірлеріне сәйкес соңғы күйінде ұсынылған 11 сұрақ бақылау тобына қолданылды. 200 адамнан тұратын бақылау тобына

қолданылатын сауалнама деректері бойынша мен фактор анализі жүргізілді.

Фактор анализі. Осы бағытта жүргізілген АФА нәтижесінде өзіндік мәні 1-ден асатын бірғана фактор бар екендігі анықталды, ал осы фактормен түсіндірілген дисперсия 29,183% құрайды. 2-кестеде факторлық жүктемелер және сауалдарға қатысты факторлардың ортақ дисперсиясы ұсынылған.

Кесте 2

Факторлық жүктемелер және сауалдарға қатысты факторлардың жалпы дисперсиясы

Сауалдар	Факторлық жүктеме	Ортақ фактордың дисперсиясы
C1	,212	,461
C2	,299	,546
C3	,138	,372
C4	,324	,569
C5	,367	,606
C6	,379	,616
C7	,337	,581
C8	,329	,574
C9	,321	,567
C10	,287	,536
C11	,217	,465
Тиісті мән: 3,210		
Анықталған жалпы дисперсия: 29,183		

Зерттеу нәтижесі және талдау. Қазақстандық және түркиялық әдебиеттерде бұқаралық спорт тақырыбы бойынша зерттеулер өте аз. Осы тұрғыда аталмыш тақырып аясындағы мақаламыз ғылыми зерттеу жұмыстары мен оқырмандарға пайдалы болады деп үміттенеміз.

Магнанини бұқаралық спорт жайлы ғылыми зерттеуінің нәтижесінде, «әлемдік бұқаралық спорт» моделін қалыптастыру керек деген ұсыныс жасаған болатын. Ол өз зерттеуінде бұқаралық спорттың моделін қалыптастыру мүмкіндігі шектеулі жандардың спортқа деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, бұқаралық спортты жалпыға бірдей оқытып, оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыратын жақсы мүмкіндік бере алатындығын баяндаған [13].

Зорбаның зерттеу нәтижесіне сәйкес,

Олимпиадалық қозғалыстың қалыптасуына бұқаралық спорт ерекше ықпал ететіндігін анықтады. Халықаралық Олимпиада Комитетінің негізгі қағидаларының бірі – әлем халқының спорт мәдениетін қабылдауға, олардың физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуына әсер етуші бұқаралық спортты дамыту [14].

Пынар Гүзелдің Финляндияда өткен «XIII Әлемдік бұқаралық спорт» конгресіндегі жасаған баяндамасы Халықаралық Олимпиада Комитеті өкілдерінің ерекше қолдауына ие болып, бұқаралық спорттың әлемдік деңгейдегі мәселелері көтерілген болатын [15].

Зерттеу жұмысымыздың нәтижесін анықтау мақсатында төмендегідей бірнеше сауалдарды ортаға қойып, талдау жасауды жөн көрдік:

1. Қазақстанда оқып жатқан студенттердің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығы олардың жыныстық ерекшеліктеріне қарай ерекшелене ме?

2. Қазақстанда оқып жатқан студенттердің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығы олардың жас ерекшеліктеріне қарай ерекшелене ме?

3. Қазақстанда оқып жатқан студенттердің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығы олардың отбасылық жағдайына қарай ерекшелене ме?

4. Түркияда оқып жатқан студенттердің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығы олардың жыныстық ерекшеліктеріне қарай ерекшелене ме?

5. Түркияда оқып жатқан студенттердің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығы олардың жас ерекшеліктеріне қарай ерекшелене ме?

6. Түркияда оқып жатқан студенттердің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығы

олардың отбасылық жағдайына қарай ерекшелене ме?

7. Қазақстан мен Түркияда оқитын студенттер арасында бұқаралық спорт жайлы хабардарлығы тұрғысынан қандай айырмашылық бар?

8. Қазақстанда оқып жатқан студенттердің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығы олардың жынысына қарай ерекшелене ме?

ЖОО студенттерінің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығы мен жыныстық ерекшелігі ауыспалылығының арасында статистикалық маңызды айырмашылықтың бар-жоғын анықтау мақсатында «Mann Whitney-U» тесті қолданылды. Тест нәтижелері 3-кестеде көрсетілген. Нәтижелер талданған кезде, Қазақстанда оқитын университет студенттерінің бұқаралық спорт хабардарлығы олардың жынысына байланысты айтарлықтай айырмашылықтарды көрсетпегені анықталды [$U=55522,0$; $p>,05$].

Кесте 3

Қазақстанда оқып жатқан студенттердің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығын жыныстық ерекшеліктеріне қарай анықтау үшін жүргізілген «Mann Whitney-U» тестінің нәтижелері

	Жынысы	n	Орташа реттілік мәні	Жалпы реттілік мәні	U	p
Бұқаралық спорт	Ер	165	324,37	89192,0	55522,0	,948
	Әйел	65	335,38	148513,0		

* $p<,05$

1. Қазақстанда оқып жатқан студенттердің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығы олардың жас ерекшеліктеріне қарай ерекшелене ме?

ЖОО студенттерінің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығы мен жыныстық ерекшелігі ауыспалылығының арасында статистикалық маңызды айырмашылықтың

бар-жоғын анықтау мақсатында «Kruskal Wallis-H» тесті қолданылды. Тест нәтижелері 4-кестеде көрсетілген.

Кесте 4

Қазақстанда оқып жатқан студенттердің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығын жас ерекшеліктеріне қарай анықтау үшін жүргізілген «Kruskal Wallis-H» тестінің нәтижелері

	Жасы	n	Орташа реттілік	X^2	p	Айырмашылық
Бұқаралық спорт	18 жастан төмен (1)	5	432,17			
	18-19 жас (2)	45	226,86			1-3
	20-21 жас (3)	77	380,82	13,462	,009*	1-4
	22-23 жас (4)	90	412,05			2-43
	23 жас және (5) одан жоғары	13	332,27			2-4

* $p<,05$

Респонденттердің бұқаралық спорттан хабардарлығын жас ерекшелігі бойынша анықтау мақсатында жүргізілген дисперсиялық талдау нәтижесінде: 18 жасқа дейінгі студенттер мен 20-21 жас аралығындағы және 22-23 жас аралығындағы топтар арасындағы айырмашылық 18 жасқа дейінгі студенттерде басымдығы көрінді; 18-19 жас аралығындағы студенттер мен 20-21 жас және 22-23 жас аралығындағы топтар арасындағы мәнді айырмашылық 18-19 жас аралығындағы студенттерде басым екендігі анықталды. Бұл жағдай жасы төмен студенттердің бұқаралық спорттан

хабардарлық деңгейінің жоғары болғандығын көрсетіп отыр.

2. Қазақстанда оқып жатқан студенттердің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығы олардың отбасылық жағдайына қарай ерекшелене ме?

ЖОО студенттерінің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығы мен отбасылық жағдайы ауыспалылығының арасында статистикалық мәнді айырмашылықтың бар-жоғын анықтау мақсатында «Kruskal Wallis-H» тесті қолданылды. Тест нәтижелері 5-кестеде көрсетілген.

Кесте 5

Қазақстанда оқып жатқан студенттердің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығын отбасылық жағдайына қарай анықтау үшін жүргізілген «Kruskal Wallis-H» тестінің нәтижелері

	Отбасылық жағдайы	n	Орташа реттілік	X ²	p	Айырмашылық
Бұқаралық спорттан хабардарлығы	Бойдақ	199	360,04	39,796	,000*	1-2
	Азаматтық некеде	1	112,91			1-3
	Отбасылы	25	235,66	110,92		1-4
	Ажырасқан	5	110,92			

* p < ,05

5-кестедегі нәтижелер талданғанда респонденттердің бұқаралық спорттан хабардарлық көрсеткіштерінің отбасылық жағдайларына байланысты айырмашылық бар екендігі анықталды. Бұл айырмашылықтың қай топтар арасында екендігін анықтау мақсатында «Kruskal Wallis-H» тесті жасалынды. Анализ нәтижесінде бойдақ студенттер мен азаматтық некедегі студенттер, отбасылы және ажырасқан студенттер арасында айтарлықтай айырмашылық бар екендігі анықталды және бұл айырмашылық бойдақ студенттерде басымдылық танытты.

3. Түркияда оқып жатқан студенттердің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығы олардың жыныстық ерекшеліктеріне қарай ерекшелене ме?

ЖОО студенттерінің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығы мен жыныстық ерекшелігі ауыспалылығының арасында статистикалық мәнді айырмашылықтың бар-жоғын анықтау мақсатында «Mann Whitney-U» тесті қолданылды. Тест нәтижелері 6-кестеде көрсетілген.

Кесте 6

Түркияда оқып жатқан студенттердің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығын жыныстық ерекшеліктеріне қарай анықтау үшін жүргізілген «Mann Whitney-U» тестінің нәтижелері

	Жынысы	n	Орташа реттілік мәні	Жалпы реттілік мәні	U	p
Бұқаралық спорт	Ер	182	374,23	166904,5	46506,5	,000*
	Әйел	48	310,38			

*p < ,05

6-кестедегі нәтижелер талданған кезде, Қазақстанда оқитын университет студенттерінің бұқаралық спорт хабардарлығы олардың жынысына байланысты мәнді айырмашылық бар екендігі және бұл айырмашылық ер студенттерде басымдық көрсетті [$U=46506,5$; $p < ,05$]. Бұл жағдайды ер студенттердің қабылдау деңгейі қыз балаларға қарағанда жоғары деп түсінуге болады.

4. Түркияда оқып жатқан студенттердің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығы

олардың жас ерекшеліктеріне қарай ерекшелене ме?

Респонденттердің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығы мен жыныстық ерекшелігі ауыспалылығының арасында статистикалық маңызды айырмашылықтың бар-жоғын анықтау мақсатында «Kruskal Wallis-H» тесті жасалынды. Тест нәтижелері 7-кестеде баяндалған.

Кесте 7

Түркияда оқып жатқан студенттердің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығын жас ерекшеліктеріне қарай анықтау үшін жүргізілген «Kruskal Wallis-H» тестінің нәтижелері

	Жасы	n	Орташа реттілік	X ²	p	Айырмашылық
Бұқаралық спорт	18 жастан төмен (1)	5	193,37			
	18-19 жас (2)	45	358,93			1-2
	20-21 жас (3)	77	366,82	41,122	,000*	1-3
	22-23 жас (4)	90	359,95			1-4
	23 жас және (5) одан жоғары	13	382,82			1-5

* $p < ,05$

Респонденттердің бұқаралық спорттан хабардарлығы жас ерекшелігі бойынша айырмашылығын анықтау мақсатында жүргізілген дисперсиялық талдау нәтижесінде: 18 жасқа дейінгі студенттер мен 19-20 жас аралығындағы және 20-21 жас аралығындағы топтар арасындағы айырмашылық 23 жастан жоғары студенттерде басым екендігі анықталды. Бұл жағдай жасы үлкен студенттердің бұқаралық спорттан хабардарлық деңгейінің 18 жастан төмен студенттерге қарағанда айтарлықтай жоғары екендігін көрсетті.

5. Түркияда оқып жатқан студенттердің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығы олардың отбасылық жағдайына қарай ерекшелене ме?

Респонденттердің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығы мен отбасылық жағдайы ауыспалылығының арасында статистикалық

мәнді айырмашылықтың бар-жоғын анықтау мақсатында «Kruskal Wallis-H» тесті жасалынды. Талдау нәтижелерін 8-кестеден көруге болады.

8-кестедегі нәтижелер талданғанда респонденттердің бұқаралық спорттан хабардарлық көрсеткіштерінің отбасылық жағдайларына байланысты айырмашылық болғандығы анықталды.

Бұл айырмашылықтың қай топтар арасында екендігін анықтау мақсатында «Kruskal Wallis-H» тесті жасалынды. Анализ нәтижесінде бойдақ студенттер мен азаматтық некедегі студенттер, отбасылы және ажырасқан студенттер арасында айтарлықтай айырмашылық бар екендігі анықталды және бұл айырмашылық нышанлы (сөз байласқан) студенттерде басым екендігі ортаға шықты.

Кесте 8

Түркияда оқып жатқан студенттердің бұқаралық спорт жайлы хабардарлығын отбасылық жағдайына қарай анықтау үшін жүргізілген «Kruskal Wallis-H» тестінің нәтижелері

	Отбасылық жағдайы	n	Орташа реттілік	X ²	p	Айырмашылық
Бұқаралық спорттан хабардарлығы	Бойдақ	217	318,86	79,221	,000*	1-2
	Нышанлы (сөз байласқан)	6	423,11			1-3
	Отбасылы	5	465,42			1-4
	Ажырасқан	2	411,60			

* p < ,05

6. Қазақстан мен Түркияда оқитын студенттер арасында бұқаралық спорт жайлы хабардарлығы тұрғысынан қандай айырмашылық бар?

Қазақстан мен Түркиядағы кейбір жоғары оқу орны студенттері арасында бұқаралық

спорт жайлы хабардарлығы тұрғысынан қандай айырмашылық бар-жоғын анықтау мақсатында «Kruskal Wallis-H» тесті жасалынды. Талдау нәтижелерін 9-кестеден көруге болады.

Кесте 9

Қазақстан мен Түркияда оқитын студенттер арасында бұқаралық спорт жайлы хабардарлығын анықтау мақсатында жүргізілген «Kruskal Wallis-H» тестінің нәтижелері

	Өлкесі	n	Орташа реттілік мәні	Жалпы реттілік мәні	U	p
Бұқаралық спорт	Қазақстан	230	542,75	533431,5	216666,5	,015*
	Түркия	230	718,60	228068,5		

*p < ,05

9-кестедегі нәтижелер талданғанда респонденттердің бұқаралық спорттан хабардарлық көрсеткіштерінің өмір сүретін өлкесіне байланысты айтарлықтай ерекшелік көрсеткендігі және бұл айырмашылық Түркияда тұратын студенттерде басым екендігі анықталды.

Қорытынды. Дене шынықтыру мен спорт мемлекеттің айрықша назарында болуы тиіс. Себебі дене шынықтыру мен бұқаралық спорт жалпы халықтық салауатты өмір салтын қалыптастыру мен ұлт денсаулығының кілті болып саналады. Алайда елде барлығы үшін қолжетімді спорт нысандары, спорт құрал-жабдықтары жетіспейді. Осыған байланысты Үкімет және жергілікті органдар дене шынықтыруды, бұқаралық спортты дамыту

және типтік жобадағы денешынықтыру-сауықтыру нысандары, соның ішінде, аула нысандары құрылысы бойынша шаралар қабылдау қажет. Бұл жұмысты келесі жылы ақ бастау керек», - деген сөздері бұқаралық спорт пен дене шынықтыруға деген ерекше ықпалды білдіреді. Шынында да үкімет тарапынан бұқаралық спорттың дамуына барынша жағдай жасалынса, бұқара халықтың спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын ұстанатын жастар санын көтеруге мүмкіндік болар еді.

Ғылыми мақаламыздың тақырыбын зерттеу барысында Түркия Республикасы Бұқаралық спорт федерациясының атқарған жұмыстарымен таныстық. Аталмыш федерация сынды елімізде де арнайы бұқаралық

спорт шараларын ауқымды әрі жүйелі түрде іске асыратын Қазақстан Республикасы Бұқаралық спорт федерациясын құру секілді жүйелі жоспарлар негізінде «Қазақстан – 2050» межесіне жету мақсатын бүгіннен бастағанмыз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- [1] Комплексный план по развитию физической культуры и массового спорта на 2020-2025 годы: Постановление Правительства Республики Казахстан. – 23.04.2020. – № 242.
- [2] Sarikoca E. Spor ve Sosyoloji. Atatürk Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Dergisi Atatürk University Journal of Faculty of Letters Sayı 64, Haziran 2020, 261-270.
- [3] Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2050: Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. – Астана. – Желтоқсан 2012.
- [4] Международный опыт развития массового спорта: Агентство Республики Казахстан по делам спорта и физической культуры; редколлегия: Т.К. Есентаев, гл.редактор. – Астана, 2019. – 49 с.
- [5] Исмаилов Б. Алматы облысында бұқаралық спорты дамыту мәселелерін анықтау //Білім беру, дене мәдениеті, туризм және спорттағы инновация: III халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары . – Алматы, 2022. – 248 б.
- [6] «Сколько можно воровать, сколько можно отмывать деньги?! Остановитесь вы уже!». Аида Сатыбалдинова рассказала о коррупции в казахстанском спорте [Электронный ресурс] <https://www.sports.kz/news/skolko-mojno-vorovat-skolko-mojno-otmyivat-dengi-ostanovites-vyi-uje-aida-satyibaldinova-rasskazala-o-korrupsii-v-kazahstanskom-sporte> (дата обращения: 23.03.2022).
- [7] Zorba, E., & Saygın, Ö. (2017). Fiziksel Aktivite ve Fiziksel Uygunluk (Geliştiril). Perspektif Matbaacılık.
- [8] Zorba, E. (2021). Yaşam Kalitesi ve Wellness Akademisyen Kitap Evi.
- [9] Zorba E., İvizler H. C., Tekin A., Miçoğullar O. ve Zorba E. Herkes İçin Spor. Morpa Kültür Yayınları, Ankara, – 2005. S.18-23.
- [10] Türkiye Herkes İçin Spor Federasyonu web sitesi <https://his.gov.tr/tr>. 02.07.2021.
- [11] Zorba E. Herkes İçin Spor ve Fiziksel Uygunluk, T.C. Başbakanlık Gençlik ve Spor, Ankara, – 1999. 72-79.
- [12] Karasar S. Araştırma Modeli: Tarama Araştırmaları/Deneme Araştırmaları. – 2019, s.77.
- [13] Magnanini A. Sport integrato: sfida dell’educazione o scelta ideologica? In P. Russo, Educazione e Politica in Italia (1945-2008). Università e organizzazione della scuola. Milano: FrancoAngeli. – 2010.
- [14] Zorba E. Herkes İçin Yaşam Boyu Spor. Neyir Yayınları. Ankara, – 2009. s: 12,15. ISBN: 978-605-60674-0-2.
- [15] Pınar G. Herkes İçin Spor Anlayışı Çerçevesinde Olimpik Dayanışma Programlarının Uygulamaları ve Olimpik Değerlerin İncelenmesi. Doktora Tezi. Bolu. – 2011. 47 S.

References

- [1] Kompleksnyj plan po razvitiyu fizicheskoj kul'tury i massovogo sporta na 2020-2025 gody: Postanovlenie Pravitel'stva Respubliki Kazahstan. – 23.04.2020. - № 242.
- [2] Sarikoca E. Spor ve Sosyoloji. Ataturk Universitesi Edebiyat Fakultesi Dergisi Ataturk University Journal of Faculty of Letters Sayı 64, Haziran 2020, 261-270.
- [3] Nazarbaev N.A. Kazakstan-2050: Strategiyasy kalyptaskan memlekettin zhana sayasi bagyty. – Astana. – Zheltoksan 2012.
- [4] Mezhdunarodnyj opyt razvitiya massovogo sporta: Agentstvo Respubliki Kazahstan po delam sporta i fizicheskoj kul'tury; redkollegiya: T.K.Esentaev, gl.redaktor. – Astana, 2019. – 49 s.
- [5] Ismajlov B. Almaty oblysynda bukaralyk sporty damyту maselelerin anyktau //Bilim беру, дене madenieti, turizm zhane sporttagy innovaciya: III halykaralyk gylymi-tazhiribelik konferenciya materialdary . – Almaty, 2022. – 248 b.
- [6] «Skol'ko mozhno vorovat', skol'ko mozhno otmyvat' den'gi?! Ostanovites' vy uzhe!». Aida Satybaldinova rasskazala o korrupsii v kazahstanskom sporte [Elektronnyj resurs] <https://www.sports.kz/news/skolko-mojno-vorovat-skolko-mojno-otmyivat-dengi-ostanovites-vyi-uje-aida-satyibaldinova-rasskazala-o-korrupsii-v-kazahstanskom-sporte> (data obrashcheniya: 23.03.2022).

- [7] Zorba, E., & Saygın, O. (2017). Fiziksel Aktivite ve Fiziksel Uygunluk (Gelistiril). Perspektif Matbaacılık.
- [8] Zorba, E. (2021). Yasam Kalitesi ve Wellness Akademisyen Kitap Evi.
- [9] Zorba E., İkizler H. C., Tekin A., Micogullar O. ve Zorba E. Herkes İçin Spor. Morpa Kultur Yayınları, Ankara, – 2005. S.18-23.
- [10] Türkiye Herkes İçin Spor Federasyonu web sitesi <https://his.gov.tr/tr>. 02.07.2021.
- [11] Zorba E. Herkes İçin Spor ve Fiziksel Uygunluk, T.C. Basbakanlık Gençlik ve Spor, Ankara, – 1999. 72-79.
- [12] Karasar S. Arastırma Modeli: Tarama Arastirmaları/Deneme Arastirmaları. – 2019, s.77.
- [13] Magnanini A. Sport integrato: sfida dell'educazione o scelta ideologica? In P. Russo, Educazione e Politica in Italia (1945-2008). Universita e organizzazione della scuola. Milano: FrancoAngeli. – 2010.
- [14] Zorba E. Herkes İçin Yasam Boyu Spor. Neyir Yayınları. Ankara, – 2009. s: 12,15. ISBN: 978-605-60674-0-2.
- [15] Pınar G. Herkes İçin Spor Anlayışı Cercevesinde Olimpik Dayanisma Programlarının Uygulamaları ve Olimpik Degerlerin Incelenmesi. Doktora Tezi. Bolu. – 2011. 47 S.

Вопросы участия в массовом спорте в процессе обучения студентов вузов Казахстана и Турции

В. Балджы^{1*}, Б. Ермаханов², А. Косшыгулова³

¹Университет Анкара (Анкара, Турция),

²Международный казахско-турецкий университет
имени Ходжи Ахмета Ясави (Туркестан, Казахстан),

³Казахско национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан)

Аннотация

В данной статье говорится о значении массового спорта, работе по поддержке массового спорта в Республике Казахстан и Турецкой Республике, целях Федерации массового спорта Турецкой Республики и показателях участия студентов высших учебных заведений в массовых спортивных мероприятиях. В научно-исследовательской работе приняли участие 230 студентов из Университета Анкары и Хаджи Байрам Вели г.Анкара и 230 студентов из Казахского национального университета им.Аль-Фараби и Казахского национального аграрного университета г.Алматы. В данной статье приняли участие 460 обучающихся. В научной статье представлены результаты анкетирования студентов-участников исследовательской работы. Собранные данные были проанализированы в программе SPSS, введены в виде таблиц и проанализированы.

Ключевые слова: массовый спорт; физическая культура и спорт; здоровый образ жизни; Федерация массового спорта.

Questions of participation in mass sports in the process of training students of universities of Kazakhstan and Turkey

V. Balci^{1*}, B. Yermakhanov², A. Koshygulova³

¹Ankara University (Ankara, Turkey)

²Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Turkistan, Kazakhstan),

³Abai kazakh national pedagogical university (Almaty, Kazakhstan)

Abstract

This article talks about the importance of mass sports, the work to support mass sports in the Republic of Kazakhstan and the Republic of Turkey, the goals of the Mass Sports Federation of the Republic of Turkey and the indicators of participation of students of higher educational institutions in mass sports events. The research work was attended by 230 students from the University of Ankara and Haji Bayram Veli, Ankara, and

230 students from the Kazakh National University named after Al-Farabi and the Kazakh National Agrarian University of Almaty. 460 students took part in this article. The scientific article presents the results of a survey of students participating in the research work. The collected data was analyzed in the SPSS program, entered in the form of tables and analyzed.

Keywords: mass sports; physical culture and sports; healthy lifestyle; Mass Sports Federation.

Редакцияға 30.03.2022 қабылданған